

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Түрік Республикасы премьер-министрінің жанындағы Мемлекеттік мұрағаттар бас дирекциясы арасындағы Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 512 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Түрік Республикасы премьер-министрінің жанындағы Мемлекеттік мұрағаттар бас дирекциясы арасындағы Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Түрік Республикасы премьер-министрінің жанындағы Мемлекеттік мұрағаттар бас дирекциясы арасындағы Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы ХАТТАМА

(Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Түрік Республикасы премьер-министрінің жанындағы Мемлекеттік мұрағаттар бас дирекциясы,

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы дәстүрлі достық пен ынтымақтастықты назарға ала отырып,

өзара тиімді негізде мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастықты дамыту ниетін ескере отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Тараптар екі жаққа бірдей негізде олардың мемлекеттік мұрағаттары арасындағы ынтымақтастыққа Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жәрдемдеседі.

2-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес қажетті зерттеулерден кейін өздерінің қорларын байыту мақсатында мұрағаттық құжаттар көшірмелерімен, ғылыми-әдістемелік әдебиетпен және басқа да құжаттармен алмасуды жүзеге асырады.

3-бап

Тараптар шарттар жасасу негізінде олардың мұрағаттары жұмыс практикасына енгізілген қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар тәжірибесін зерделеу мақсатында мұрағат ісі саласында мамандармен алмасуды жүзеге асырады.

4-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мұрағаттық құжаттар жарияланымдарымен алмасады, ғылыми зерттеулер, конференциялар, деректі көрмелер ұйымдастырады.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес және ортақ мүдделері негізінде үшінші елден сатып алынған мұрағаттық құжаттардың көшірмелерімен алмасады.

6-бап

Осы Хаттаманың ережелерінде көзделген қызметтің барлық түрі Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және Тараптар мемлекеттерінің бюджеттерінде көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырылады.

7-бап

Тараптар олардың басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет бойынша бір-біріне нақты ұсыныстар жібереді.

8-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданылуын өзінің тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін қолданылады.

2005 жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің бірдей күші бар. Осы Хаттаманы түсіндіру кезінде келіспеушіліктер болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі үшін
дирекциясы үшін*

*Түрік Республикасы премьер-
министрінің жанындағы
Мемлекеттік мұрағаттар бас*